

“Балалар үшін қауіпсіз жол”

**7 сыныптар арасындағы
тәрбиелік шара**



Мақсаты

1. Оқушылардың жол ережесі туралы білімдерін толықтыру, көшеде жол тәртібін сақтай білуге үйрету
2. Жол қауіпсіздігін сақтаудың адамдар өміріндегі маңыздылығын ұғындыру;
3. Оқушыларды саналылықпен шыдамдылыққа тәрбиелеу.



**Мұғалім: Жолда жүру ережелеріне
арналған тәрбиелік шарамызды
Шөмішбай Сариевтің мына өлең
жолдарымен бастаймыз:**

**Арманға алдан күткен асығамыз,
Біз қалай толқын атпай басылармыз.
Жол жүру ережесін жақсы біліп,
Сақтықта тұра алатын жас ұланбыз.
Жалғайтын достастырып бар елменен,
Жолдардан тұрады ғой әлем деген.
Бүгінгі бізге келген қонақтарға,
Алдымен беріледі сәлем деген.**

I. ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЯТУ.

Сұрақ – жауап:

Балалар көшеде жүру ережесін білу бізге не үшін керек?

Әр адамның өз өмірінің қауіпсіздігі үшін.

Жаяуға қай жермен жүруге болмайды?

Көліктер жүретін тас жолмен.

Көшеде жүру тәртібін кім басқарады?

Жол полициясы басқарады.

Бір жерге асықсаң, жолдан тез жүгіріп өту керек пе? Неге?

Жолдан өту кезінде оң жаққа, сол жаққа қарап жаяу жүргіншілер өтетін жолмен жүру керек.

2 – кезең. Жұмбақтар шешу.


Жұмбақтардың шешуі болатын заттарға сипаттама беру.

Жұмбақтар


1. Ала таяқ ұстаған
Жол тәртібін нұсқаған
Өмірінді күзеткен
Ысқырығы күзеткен



2. Көше бойлап аяндайды
Адам тасып аялайды



3. Көліктің қаншасын жанынан өткізген,
Іргеден басталып, алысқа жеткізген




4. Жоқ өзінде бас та, ауызда да, құлақ та,
Бақырайған үш көзі бар бірақ та.





Шешуі

Жол сақшысы



Шешуі:
автобус





Шешуі: жол



Шешуі: бағдаршам




3- кезең. Сұрақтарға жауап береміз



Жиек жол дегеніміз не?



Жаяуға қай жермен жүруге болмайды?



Келесі

4 – кезең. Бағдаршам ,оның түстері туралы
мақал – мәтел, жұмбақтар айтудан жарыс




- Тоқта!!



- Сақтан!!



- Жол ашық!!



5 – кезең. Тиістісін тап. Мағынасын түсіндір.

Ақпараттық - көрсеткіштік белгілер



Ескерту белгілері

Тыйым салатын белгілер

Сервис белгілері

Басымдылық белгілері

Жол таңбалары



Тәрбиелік шараны қорытындылау:

Сонымен балалар біздің тәрбиелік шарамыз аяқталды. Жолда жүру ережесінен енді жатқа біліп, жол қауіпсіздігінен сақ жүреміз деген ойдамын.